

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!



SAQQSHY



№ 11/4801/сәрсенбі, 20 наурыз 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.polisia.kz



## ҰЛТТЫҢ РУХЫ – ҰЛТТЫҚ КИІМДЕ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен биылдан бастап Наурыз мерекесі жаңа форматта тойланатын болады. 14 наурыз – Аман мерекесінен басталатын Наурыз нама онкүндігі жарияланды. Атап айтсақ, 18 наурыз – Қазақтың ұлттық киімдері күні. Осыған орай апта басында Астана қаласы полиция департаментінің ұйымдастыруымен тәртіп сақшыларының арасында «Ұлттық киім – ұлт ажары» байқауы өтті.**

**Гауһарай АМАНҒАЛИҚЫЗЫ, суреттерді түсірген Медет ӘШІРБЕК**

Ұлттық сайысқа қатысқандар елордалық полиция департаментіне қарасты 21 басқарма мен бөліністің абыройын қорғады. Бір жігіт пен бір қыздан құралған жұптар үстіне киген ұлттық киімдерінің атауы мен тұрмыстық өмірдегі маңызын түсіндірді. Өз жұмыс орны атынан жекелеген полицейлер де қатысты. Бас биік байқауға тарихшы, этнология магистрі, «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің директоры Тұрар Сәттарқызы, театр және кино актері, әнші, «Құрмет» орденінің иегері Ернар Құрбанбекұлы және ҚР Мәдениет саласының үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, «Жастар» театрының директоры Азамат Жұмабайұлы қазылық етті.

Байқауға қатысқан әрбір жұп тыңғылықты жоғары дайындықпен келген. Алғашқылардың бірі болып шыққан Есіл ауданы полиция басқармасының полицейлері – Сапарбек Нәсерұлы мен Әйгерім Әміржанқызы көптің көңілінен шықты. Олар ұзатылған қыз бен сөз сала келген ер азаматтың болмысын көрсетті. Сайысқа қатысушы Әйгерім басына киген сәукеленің этимологиясына тоқтала кетті.

– Көбісі қалыңдық киетін сәукеленің құны жоғары бас киім екенін білгенімен, бұл сөздің мәнін біле бермейді. Бізге дейінгі деректер бойынша «Сәукеле» сөзі «Сау келе жатыр ма?» деген болжамды тіркестен шыққан. Себебі бұрын сәукеленің бағасы таңдаулы 100 аттың құнымен пара-пар болған. Ұзатылған қыздың сәукелесіне жолда қарақшылар шабуыл жасаған жағдайлар да кездескен. Сол себепті қалыңдық түсетін ауыл жас жұбайлардың жолына қайта-қайта қарап, «Сау келе жатыр ма?» деп алаңдатушылық танытқан. Сәукеленің құны сол кездегі қазақ қыздарының бағасы қаншалықты қымбат екенін көрсеткен, сондай-ақ, шыққан тегінің, әулетінің дәулетінен де хабар берген, – деді.

Сонымен қатар басқармадағы әріптестері байқауға қатысушы жұптың шашбауын көтеріп, көрініс те көрсетті. Ұлттық құндылықтарымыздың қатарына енетін текемет, құрақ көрпе төсеп, қазақтың ұлттық тағамдарын дастарханға қойды. Үлкендері бата берді. Нағыз Наурыз мерекесінің көркін келтіріп, ортаны көтеріңкі көңіл-күйге бөледі.

Ал Кинологиялық қызмет орталығы және Алматы ауданы полиция басқармасы полиция бөлімінің қызметкерлері ұлттық киіммен қоса, өзгелерден ерекшеленіп, қазақтың жеті қазынасына енетін тазыны жетектеп шықты.

Бұл сайыстың негізгі мәні – ұлттық киімдерді тарқатылды. Байқауға қатысушылардың көбі аяқтарына саптама етік киген. Сонымен бірге зерленген киімдеріндегі оюлардың да мәні зор екенін тілге тиек етті. Мәселен, қазақ келіндерінің киімдеріне шырмауық оюды шырмауықтай өссін, өңсін деген оң ниетпен салатынын да қаперге ілді.

Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ қызметкерлері – Құнтуған Охонұлы мен Әйгерім Ануарбек отты да, сұсты көздерімен және былғарыдан жасалған киімдерімен қазақ жауынгерлерінің болмысын көз алдымызға әкелді. Ал Нұра ауданы полиция басқармасының атынан шыққан жұптың жігіті Еркебулан Нұрлыханұлы жуырда қазақ күресінен 100 келі

салмақ бойынша жеңімпаз атанған. Ол – қазақтың дәстүрлі киімімен қатар, ұлттық спортымыздың да дамуына үлес қосып жүрген азамат. Сайыстың аяғына қарай Жергілікті полиция қызметі басқармасының жұбы сахнаға бүркітпен шығып, жеті қазынаға деген құрметін көрсетті.

Шара соңында Астана қаласы полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев байқауға қатысушыларды ұлттық мейрам – Наурыз мерекесімен құттықтап, жеңімпаз пен жүлдегерлерді марапаттады. Сайыс нәтижесімен

жұлделі III орынға Әкімшілік полиция мен Арнайы және жұмылдыру даярлығы басқармасының қатысушылары лайық деп танылды. Ал II орынды Байқоңыр ауданы полиция басқармасы мен Жылдам қимылдайтын арнайы жасақтың жұптары өзара бөлісті. Үздік деп танылған Есіл ауданы полиция басқармасының жұбы I орын алды.

Ұлттық құндылығымызды дәріптеген байқау полиция қызметкерлерін ұлттық дәстүрімізге біртұтас жақындатып, мерекелік көңіл-күй сыйлады.







## ЖЕТІ КҮН



✓ Қызылорда облыстық ҚАЖД бастығы бассейнде суға батқан баланы құтқарып қалды. Облыстық ҚАЖ департаментінің бастығы Шаймерден Есенкелдиев демалыс орнына отбасымен барған. Қайтуға жиналып жатқанда әйелдің бассейнен шыға алмай қалған баланы құтқаруды сұраған айқайлаған дауысын естіді. Бассейн түбінде жасөспірімнің жатқанын байқаған Есенкелдиев бірден суға секіріп, баланы сыртқа алып шықты.

✓ Жалпыұлттық Наурыз мерекесі қарсаңында Жетісу облысының полиция департаментінде қалыптасқан дәстүр бойынша қазақ күресінен жарыс ұйымдастырылды.

Спортық жарыста 108 спортшыдан тұратын 11 команда, оның ішінде департамент аппаратының және аудандық бөлімдерінің, сондай-ақ, Жетісу облысының мамандандырылған күзет қызметі басқармасының қызметкерлері бақ сынасты. Қатысушылар арасындағы жарыс жеті түрлі салмақ дәрежесінде өтіп, 21 қызметкер жүлделі орынға ие болды.

✓ Наурыз айы – ұлттық мерекелерге толы айшықты ай. 14 наурыз – Көрісу күнінен басталған қазақи құндылықтарды дәріптейтін мереке жалғасын табуда. Алматы-1 станциясындағы Желілік полиция басқармасының ұжымы «Ұлттық киім» күнін атап өтті.

Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайтын мереке күні басқарма ұжымы жұмысқа ұлттық киім киіп келіп, ұлағатты пікірлерімен бөлісті.

✓ Петропавл қаласында №8 жалпы білім беретін эстетикалық тәрбие кешенінің оқушыларына бұллингке қарсы шағын фильмге түскендері үшін облыстық полиция департаменті басшылығының алғысхаты салтанатты түрде табыс етілді. Өткен жылдың соңында балалар мен мұғалімдер облыстық полиция департаментінің ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының жедел уәкілдерімен бірлесіп, жасөспірімдер ортасында қорлауға қарсы іс-қимылға арналған шағын фильм түсірді. Идея, сценарий мәтіні, түсіретін орындарды, костюмдерді таңдау, ең бастысы, жанды және эмоционалды актерлік ойын – мұның бәрін мектеп оқушылары ойлап тауып, жүзеге асырды.

✓ Ақтөбе қаласындағы жастар арасында қылмыстың алдын алу мақсатында полиция қызметкерлері мектеп оқушыларымен және олардың ата-аналарымен кездесу ұйымдастырды. Іс-шара барысында облыстық ПД ЖПҚБ бастығы Айдос Құлжанов жасөспірімдерге қандай да бір құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік туралы түсіндірді. Бұл шараға ішкі істер органдарында ұзақ жылдар қызмет еткен аға буын өкілдері қатысып, жастарға ақыл-кеңестерін айтты.

✓ Абай облысы бойынша ҚАЖ департаментінің қызметкерлері жалғыз-басты әкеге қайырымдылық көрсетті. Алты жылдан бері үш кішкентай баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған жалғызбасты әкеге материалдық жағынан қолдау білдірді.

✓ Қарағанды облысының ПД жергілікті полиция қызметі басқармасы Дене шынықтыру және спорт, білім басқармаларымен бірлесіп, «Қош келдің, өз-Наурыз!» атты мерекелік іс-шара өткізді. Ұйымдастырушылардың басты мақсаты – ұрпақ тәрбиесінде мәдениетіміздің құрамдас бөлігі саналатын ежелден келе жатқан салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды өскелең ұрпақтың бойына сіңіру. Қарағанды қаласындағы «Балалар мен жасөспірімдер» сарайының кіреберісінде үлкен киіз орнатылды. «Қайрат» ұлттық ат спорты мектебі, №61, 63, 16 орта мектептер мен №4 мектеп-интернаты, Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназия, облыстық жоғары мейіргерлік мектебі мен теміржол колледжі халыққа сан алуан ұлттық құндылықтарды паш етті.

# ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР ПОЛИЦИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРАДЫ

**ІІМ-де «Digital Police Day: «Заң мен Тәртіпті» цифрлық шешімдер арқылы қамтамасыз ету» тақырыбында форум өтті. Оған мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, IT-компаниялардың, азаматтық қоғамдастықтың өкілдері, депутаттар, қоғам қайраткерлері, сондай-ақ, студенттер мен курсанттар қатысты.**

Шұғыла ТҰРЛЫБЕК

Полиция ведомствосының өкілдері қонақтарға тәртіп сақшыларының күнделікті қызметінде, қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, құқық бұзушылықтың алдын алуда және қылмысқа қарсы күресте қолданатын заманауи технологиялары туралы айтып берді.

лер ықтимал құқық бұзушыларды тәртіпке келтіру арқылы алдын алу шараларын қабылдайды және қылмыстарды жедел ашады.

«SOS» батырмалары адамдар көп жиналатын жерлерде орнатылған. Құрылғыда бейнекамера, динамик, микрофон және полицияға

гізушілердің өздері рәсімдеуі.

«Еуроқаттаманы» қолдану шарттары:

- ЖКО-ға тек екі автокөлік қатысады;
- өмір мен денсаулыққа зиян келмеуі керек, үшінші тұлғалардың мүлкі бүлінбеуі тиіс;



Ішкі істер министрі Ержан Саденов күнделікті полиция қызметінде заманауи технологияларды кеңінен қолдану Мемлекет басшысы-

хабарласу түймесі бар. Республика бойынша барлығы 225 «SOS» батырмасы жұмыс істейді. Жалпы, құрылғы іске қосылғаннан бері

• ЖКО қатысушыларының өзара келісімі болуы қажет;

• жүргізушілердің міндетті автосақтандыру полисі бар;

• залал сомасы 100 АЕК-тен аспауы қажет. Жыл басынан бері қосымша арқылы 1125 хаттама толтырылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ІІМ еліміздің пенитенциарлық мекемелерінде **үздіксіз бейнебақылау** жүйесін енгізді.

Бүгінгі таңда 78 мекемеде 40 мыңға жуық бейнекамера орнатылған. Онда адам бетін тану, тыйым салынған аймаққа кіргенде және камера объективін жапқанда дабыл жүйесі іске қосылатын аналитикалық функциялар қарастырылған.

Интеллектуалды жүйенің арқасында колониялардан қашудың төрт әрекетіне, 31 суицид-



ның ішкі істер органдарының алдына қойған басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті.

– Қазір бізде саланы бюрократиядан арылту және оңтайландыру үдерісі белсенді жүргізілуде. Полиция қызметкерлерінің басты назары құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алуға, өздерінің негізгі міндеттерін орындауға бағытталған. Цифрлық шешімдер азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде тәртіп сақшылары жұмысының тиімділігін арттыруға ғана емес, сондай-ақ, ықтимал құқық бұзушыларды тәртіпке келтіруге де көмектеседі, – деп атап өтті ІІМ басшысы.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында министрлік жаппай бейнебақылау жобасын іске асыруда. Бүгінгі таңда елімізде 1 млн 318 мың бейнекамера жұмыс істейді, оның ішінде полицияның жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдеріне 274 мың камера қосылған. Жыл басынан бері камералардың көмегімен 96 мыңға жуық әкімшілік құқық бұзушылық тіркелді, 1,5 мың қылмыс ашылды, 870 мың жол жүрісі қағидаларын бұзу анықталды.

Жиналғандарға азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықтық тәртіпті қорғау бойынша жасанды интеллекті пайдалану мүмкіндіктері көрсетілді.

**Цифрлық полицей.** Жоба нақты уақыт режимінде бейнежазу және оны трансляциялау функциясы бар ыңғайлы және жеңіл смартжондарды енгізуге бағытталған.

Бейнежетонға орнатылған бағдарлама полиция қызметкеріне бейнелерді өз бетінше өшіруге, құрылғыны сөндіруге немесе өзінің орналасқан жерін жасыруға мүмкіндік бермейді.

Цифрлық құрылғының арқасында полицей-



полицияға 124 өтініш түсті. Ал жыл басынан бері – 18 өтініш. Олардың барлығына ден қойылып, тиісті шаралар қабылданды. Мәселен, жақында елордалық полицейлер жоғалған баланы үйіне жеткізген болатын. Бала инспектормен байланысу үшін саябақта орнатылған дабыл батырмасын қолданған.

ІІМ әзірлеген «**Қорғау**» бағдарламасы полицейге жолдағы құқық бұзушыны анықтауға мүмкіндік береді. Жүйе көше камераларының деректерін талдай отырып, жақын маңдағы қызметкердің планшетіне қауіпті жүргізушінің оған жақындағаны туралы дабыл береді.

Биылғы жылы «Қорғаудың» көмегімен бағдар бойынша 1700-ден астам автокөлік тоқтатылып, айыппұлы бар 132 мыңнан астам борышкерге ескерту жасалды. Құқық бұзушыларға 12 мыңға жуық әкімшілік хаттама толтырылды. Сондай-ақ жалған нөмірлі 65 автокөлік және бұрын келік басқару құқығынан айырылған 500-ден астам жүргізуші анықталды.

«**Еуроқаттама**» – полиция мен соттың қатысуынсыз жеңіл жол-көлік оқиғаларын жүр-

ке, топтық төбелес пен жаппай тәртіпсіздікке ұласуы мүмкін тоғыз жанжалға жол берілмеді.

Интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша **CyberPol жобасы** туралы егжей-тегжейлі айтылды. Полиция байланыс операторларымен бірлесіп, ауыспалы нөмірлерден жасалатын қоңырауларға техникалық тосқауыл қойды. Соның арқасында 44 миллионнан астам қоңырау бұғатталды. Бұл зардап шеккендердің санын 2,5 есеге қысқартуға мүмкіндік берді. Бұдан қосымша елден тыс жерге шығарылғалы жатқан шамамен 246 млн. теңге бұғатталды, сондай-ақ 850 млн. теңге сомасына залалды өтеу қамтамасыз етілді.

Сондай-ақ қылмыстық процесті және полицияның халыққа көрсететін мемлекеттік қызметтерін цифрландыру мәселесі қаралды.

Форум заманауи ақпараттық технологиялар саласындағы ірі диалог алаңына айналды. Іс-шараға қатысушылар өз ұсыныстарын айтып, пікірлерімен бөлісті және өздерін қызықтырған сұрақтарды қойды.



## БАЛА ЖӘНЕ БАҒДАРШАМ

**Ертіс ауылында бастауыш сынып оқушылары үшін жас қозғалыс инспекторлары жол жүру ережесін сақтау бойынша қызықты бағытта нұсқаулық сабағын өткізді.**

Бүгінгі сабақта балаларға жолда өзін қалай ұстау және бағдаршамның қай түсіне өту керек екенін, со-

Жолда қауіпсіз жүріс-тұрысты насихаттау мақсатында өңірде «Бала және бағдаршам» акциясы басталды.

Жанар БЕЛЯЛОВА,  
Павлодар облысы



нымен қатар, егер жол-көлік оқиғасының куәгері болса, қайда хабарлау керектігін толық түсіндірді.

Сондықтан балаларға жол жүрісін үйретуді біз қызықты сабақ түрінде өткізуді қолға алдық. Мұндай

сабақтар алдымен полиция формасындағы адамдардан балалардың жасқанбауы керек екенін ұғындырады. Сонымен бірге көңілді өткізілетін сабақтан балалардың көкейге түйетіні өте көп. Мұндай сабақтар балалар арасындағы жол-көлік жарақаттарының алдын алу үшін жүргізіледі. Жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері тұрақты негізде осындай іс-шараларды өткізеді. Алдағы балалардың демалысы қарсаңында оқушылар мен мектеп жасына дейінгі балалар үшін жол жүру ережелерінің негізін қалайтын интерактивті іс-шаралар ұйымдастырылады, – дейді Павлодар облысы Ертіс ауданының Ювеналды полициясының аға инспекторы Әлия Мұсабекова.

– Біз бастауыш сынып оқушыларына жол жүру ережелерін түсіндірдік. Сондай-ақ ойын түрінде мультфильмдер мен ертегілер бойынша жол қозғалысына қатысушылар, жол белгілері мен бағдаршам туралы сұрақтар қойылды. Балалар үшін өте қызықты, әрі танымды болды. Ал біз үшін тәлімгерлер рөлінде болу жауапкершілікті сезіндіреді, – деп бөлісті «Бағдаршам» жасағының командирі.

Қызықты сабақ соңында балалар «Менің ауылымдағы қауіпсіз жол қозғалысы» тақырыбында сурет салды.

## НҰРАСЫЛДЫҢ АРМАНЫ – ПОЛИЦЕЙ БОЛУ

**Биыл наурыз мерекесі елімізде ерекше тойланды. Жаңаша мәнге ие болған мерекедегі мейірім күні ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясында да өзгеше аталып өтті.**

Гүлнәр ЖАПАРФАЛИҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы

Атап айтқанда, тағдырдың ауыртпалығына ұшыраған балаларға көмек қолын созып жүрген «Менің



Арманпұт» корпоративтік қорының етінішімен 11 жастағы Нұрасыл атты жеткіншек академияға келіп, іргелі оқу орнының тыныс-тіршілігімен танысты. «Менің Арманпұт» қорының ондағы мақсаты – болашақта полиция қызметкері болуды армандайтын Нұрасылды академия өмірімен таныстыру.

Арманшыл баланы үлкен ізетпен қарсы алған академия басшылығы оған зор мүмкіндік тудырды. Нұрасыл академиядағы музейдің

жәдігерлерін тамашалады, спорт залдағы түрлі жаттығуларды көріп, риза болды. Сондай-ақ ол полиция қызметкерлері қолданатын қарулармен де танысты.

Ауыр дертпен күресіп жүрген Нұрасылдың қалауын орындап, мейірімділік танытқан академия басшылығы естелікке сыйлық ұсынып, оны шексіз қуанышқа бөледі.

Курсанттардың өмірімен танысқан жеткіншек талпынса, өмірдегі арманының орындалатынына сеніммен аттанды.

## САҚШЫЛАР СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

**Жетісу облысы полиция департаментінің басшылығы Талдықорған студенттерімен «Есірткі қылмысының алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» тақырыбындағы кездесуіне бастамашы болды.**

Меруерт МОРЯКОВА,  
Жетісу облысы

Жастармен өткізілген ашық диалогқа облыстық құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдарының уәкілдері мен қоғам белсенділері қатысып, 600-ге жуық студент алдында нашақорлықтың зияндылығы, оның алдын алу және заңнамада көзделген жауапкершілік туралы айтып берді.

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында синтетикалық есірткіні тұтынушылардың артуы ұлт денсаулығына үлкен қауіп төндіретінін атап өтті. Тек күшімізді біріктіре отырып, біз осы жалпыұлттық мәселеге қарсы тұрып, тойтарыс бере аламыз. Бұл бағытта тәртіп сақшылары білім және денсаулық сақтау басқармасымен, облыс әкімдігінің Жастар ресурстық орталығымен, жастар бірлестіктерімен және еріктілер ұйымдарымен бірлесіп, өзара тығыз байланыста, – деді Жетісу облысы ПД бастығы Сарқытбай Құсайынов.

Жыл сайын құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен есірткінің заңсыз айналымы бойынша 2000-нан астам қылмыс анықталады. Сонымен қатар есірткіні таратумен айналысатын интернет-сайттар бұғатталады.

– Полицияның қолжетімділігін кеңейте отырып, біз әлеуметтік желілерде есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аккаунттарын аштық, сенім телефоны қызмет етуде. WhatsApp чаттарында пәтер иелері кооперативінің төрағаларымен бірлескен жұмыс жүргізілуде, – деп толықтырды С. Құсайынов өз сөзін.

Өскеген ұрпақтың нашақорлыққа қарсы иммунитетін қалыптастыруға белсенді қатысып, сондай-ақ, ауқымды профилактикалық іс-шараларды өткізуде зор үлесін қосқаны үшін департамент бастығының құзыретімен бірнеше тұлғалар марапатталды.

– Нашақорлық – біздің балаларымыздың болашағына үлкен қауіп төндіретін адамзаттың өзекті мәселесі. Сондықтан қазіргі таңда барлық уәкілетті органдардың қатысуымен жүзеге асатын, нақты профилактикалық алдын алу жүйесі қажет. Тәжірибе көрсеткендей, нашақорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыруда профилактикалық шараларды пайдалану оң нәтижесін береді, – деп атап өтті облыс прокуроры Мадияр Басшыбаев.

Студенттерге есірткі заттарын сақтау және тарату үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес көзделген жауапкершілік, сондай-ақ, есірткі сатушылардың нысаны болмау үшін қалай әрекет ету керектігі туралы ескертілді.

– Жастардың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру және құқықтық тәртіп мәдениетін қалыптастыру біздің басты міндеттеріміздің бірі болып табылады, – деді облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев.

Қазіргі замандағы есірткі құралдарының зияны тура-



лы облыстық психикалық денсаулық орталығының дәрігер-наркологы мен «Қос қанат» үкіметтік емес ұйымының психологы дәріс оқыды. Студенттерге түрлі есірткі құралдарын қолданудың зияны туралы бейнематериал көрсетілді.

– Қазіргі заманда өскеген ұрпақ тез және оңай пайда табудың азғыруларына жиі тап болады. Алайда мұндай жол заңды бұзуға және қылмыстық жауапкершілікке тартылуға әкеліп соғатынын түсінген жөн. Соңына келгенде соттылық адамның кейінгі өміріне зиянын келтіруі мүмкін. Таңдау арқашан бар. Күшімізді біріктіре отырып, біз жарқын болашақ құра аламыз, – деп ПД Консультативтік-кеңесші органының төрағасы, ІІО ардагері Өмірбек Ізбасаров студенттерді салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

Лекция біткеннен кейін кинологтар балаларға полицияда қызмет атқаратын итердің қатысуымен қойылым ұйымдастырды. Кинологиялық орталықтың төрт аяқты сақшылары әртүрлі есірткі заттарын анықтау, сонымен қатар, ведомство қызметкерлерінің бірі қылмыскердің рөлін ойнап, оны ұстау және айдауылдау процесі көрсетілді. Иттер өз тәлімгерлерінің командаларын сөзсіз орындады.

Университет басшылығы Жетісудың тәртіп сақшыларына алғыс айтып, осындай кездесулерді тұрақты түрде өткізуге ниет білдірді.

## МАС ЖҮРГІЗУШІЛЕР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

**СҚО-да полиция қызметкерлері үш күн ішінде 16 мас жүргізушіні жауапкершілікке тартты.**

Игорь МЕРЦАЛОВ,  
СҚО ПД Баспасөз қызметі

Тәртіп сақшылары «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу іс-шарасын қорытындылады. 15-17 наурыз аралығында өткен шарада полицейлер 2238 есепке алынған адамды тексерді. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар тарапынан – 12, отбасылық жанжалқойлар та-

билеу бойынша міндеттерін орындамауының 40 жағдайы анықталды.

«Құқықтық тәртіп» ЖПШ кең ауқымды міндеттерді қамтиды. Атап айтқанда, қараусыз қалған үй-



рапынан 13 құқық бұзушылық анықталды. Олардың мінез-құлқына сот ерекше талаптар қойды.

Шараның басты мақсаты – қоғамдық қауіпсіздікті нығайту. Ішімдік ішкені немесе мас күйінде қоғамдық орында жүргені үшін полиция қызметкерлері 222 адамды жауапқа тартты. Ювеналды полицейлердің рейдтері жасөспірімдердің түнде жүруінің 81 дерегін анықтады. Сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылықтың 45 дерегі, ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларын тәр-

лер, саяжайлар, жалдамалы пәтерлер тексерілді. Жұмыстың ерекше бағыты жол қозғалысы қауіпсіздігін нығайту болды. Үш күн ішінде облыс жолдарында 16 мас жүргізуші тоқтатылды, оның біреуі есірткінің әсерінде болды. Сонымен қатар 122 жүргізуші жылдамдықты асырғаны үшін, қарсы жолаққа шыққаны үшін бес, жаяу жүргіншілер өткелінің жүру ережелерін бұзғаны үшін 23 адам жауапқа тартылды, – дейді СҚО ПД ЖПҚ басқарма бастығының міндетін атқарушы, полиция подполковнигі Александр Розбах.





# ҚҰТ ҚОНҒАН

**Жеті қазына – қазақ халқы үшін қастерлі ұғым. Салтын сатпаған, ұлттық қалпын сақтаған дәстүрге берік еліміз құндылықтарды құрмет тұтып, қашан да бәрінен биік қойған. Қазақ халқы негізінен жеті қазынан ер жігітке қажет дүниелермен байланыстырып, таңдаған. Атап айтсақ, ер жігіт, сұлу әйел, құмай тазы, берен мылтық, жүйрік ат, ақыл-білім, қыран бүркіт.**

**Тәртіп сақшыларының арасында ұлттың болмысын айшықтай түсетін бұл жәдігерлерімізді күнделікті тіршілігінен бөліп-жармаған қызметкерлер де бар. 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні қарсаңында қауіпсіздік кепілі болумен қатар, ұлттық мұраны ұлықтаған погондыларға кеңінен тоқталмақпыз.**

Гайһарай ЕСИМОВА,  
суреттер кейіпкерлердің  
жеке мұрағатынан алынды

## ҰЛТЖАНДЫ АЗАМАТ

Ішкі істер саласында қазақ жігітіне тән бірсөзділігімен, байыптылығымен, қайраттылығымен көпті тәнті ететін азаматтар аз емес. Солардың бірі – ұлытаулық полиция қызметкері Айдын Дартаев. Ол – «Дала қырандары» республикалық турнирінің жеңімпазы. 2022 жылы қазақ күресінен Әлем чемпионы атанған. Астана қаласында өткен бұл жарысқа 60 мемлекеттен 300-ге жуық спортшы қатысқан. Байрақты бәсекеде 82 келі салмақ дәрежесі бойынша өзінің бәрінен озық екенін қарсыластарына мойындатты. Қазақ күресінен, самбодан халықаралық деңгейдегі спорт шебері. Самбодан Әлем чемпионы. Дзюдодан спорт шебері.

Оның спортқа қызығушылығы бала күнінен басталған. 2002 жылы Қарағанды облысы Шет ауданына Қайдар Қанжанов деген жаттықтырушы келіп, қазақ күресінен, дзюдодан үйірме ашқан. Балкер осылайша Айдын секілді талай ауыл баласының бағын ашқан.

Айдын – қазақтың жаны саналатын қазақ күресін дәріптеуге өз үлесін қосқан спортшы. Ұлтжанды азамат «Қазақ күресінің мәртебесін, ең алдымен, қазақ азаматтары көтеруі керек» деген пікірде. Ішкі істер органдарында қызмет ететін әріптестерін де ұлттық спорттың туын бірге көтеруге шақырады.

Айдын Батырланұлы полицейлердің қатарына 2015 жылдан бастап қосылған. Бүгінде Ұлытау облысы полиция департаменті Жылдам қимылдайтын арнайы жасақтың инспекторы, полиция капитаны.

Отбасылы. Сүйікті жарымен бірге екі ұл тәрбиелеп отыр. Унемі спорттық жарыстарға қатысып, жолда жүретін болғандықтан, бос уақытын отбасына арнағанды жөн көреді. Сондай-ақ саяхатқа шығып, атқа мінгенді де жаны қалайды.



## ҚҰМАЙ ТАЗЫ БАПТАҒАН

Қарағандылық тәртіп сақшысы Рахат Рымқұлұлы құмай тазы баптауға бала кезден бейімделген. Он балалы отбасында өскен ол ағаларының ізін жалғап, жастайынан аңшылыққа шыққан. Ұлттық дәстүрімізді жаңғыртуға өз үлесін қосып жүрген патрульдік полиция қызметкерінің 11 тазысы бар. Есімдері тазылардың жынысына қарай қойылған. Атап айтсақ, Құмай, Ақ-

жеті қазынаға енген деп білемін. Ол аңға шыққанда қырандай жүйрік болып кетеді. Аңның артынан тура құмай, қиғашынан қиып, жолды қысқартады. Аңнан айланып асырады. Тазының ақылдылығына талай мәрте көз жеткіздім. Кезінде ата-бабамыз оның бағасын бір қыздың қалың малымен теңестірген, – дейді асыл тұқымды итті асыраушы Рахат.

бірге жарысып, жүйріктігін көрсетеді. Дене бітіміне қарасаң, көз тоймайды, тұрпаты бөлек.

Рахаттың Жансұлтан және Айсұлтан есімді ұлдары аңшылық десе делебесі қозып тұрады. Үлкені – 16 жаста, кішісі – 10 жаста. Кішкентайынан қазақы құндылықтың қадіріне жеткен балалар демалыс күндері тазыларымен сыртқа шығып, олжалы оралуға қамданады. Та-



бақай, Аққұс, Сұңқар, Сары киік, Ботагөз, Қарагөз деп жалғаса береді. Рахат құмай тазыны өсіруге ерекше күтім керекін айтты. Күн сайын кешкісін балаларымен бірге серуендеп, тазылардың бойын жазып, жүгіртіп қайтады. Ал демалыс күндері аңшылыққа шығып, саятшылық құрады.

– Құмай тазы – қазақтың қасиет қонған құты. Сол себепті де

Бүгінде заңда бекітілген межеге сәйкес, құмай тазы күшігінің бағасы нарықта 100 мың теңгеден кем болмауы тиіс. Бірақ батальон қызметкері асыраған тазыларын сатпайды. Есесіне текті иттің тұқымын тарату үшін жан-жаққа беріп жібереді. Тазының тектілігі сонда, қанша жерден жыртқыш аң ауласа да, қорадағы малға шаппайды. Кісіні қаппайды. Аңға шыққанда желмен

зылар қоян, қарсақ, борсық, түлкі алып, қанжығаны майлайды. «Бір тазының бойында үш иттің қасиеті болады. Жүйріктік, шыдамдылық, ізге түсушілік секілді қасиеттер бір иттің бойынан табылмайды, бірақ бір тазының бойынан табылады» дейді құмай баптауға бала кезінен құмартқан азамат.

## МЕРГЕН МӘЖИТОВА

Қызылорда облысы полиция департаменті Жылдам қимылдайтын арнайы жасағының инспекторы Дариға Мәжитова 2006 жылы ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтына оқуға түскен. Содан бері оның сүйікті ісі – Макаров тапаншасымен ату.

2010 жылы оқуды тәмамдап, Қарағанды қаласы ішкі істер басқармасы Криминалдық полиция бөліміне жедел уәкіл болып жұмысқа орналасқан. Сол жылдан бері Ішкі істер министрлігі ату дағдысы бойынша өткізетін жарыстардан қалған емес. Бірнеше рет жүлдегер атанған. Облыстық чемпионаттарда I орынға ие болса, 2016 жылы Тараз қаласында өткен Ішкі істер министрлігінің чемпионатында «Ең нәтижелі мерген» атанған. Ал былтыр Қызылорда қаласында ұйымдастырылған республикалық сайыста Макаров тапаншасы бойынша атудан II орынды еншілеген. Кейіпкеріміздің мерген-

дікті еркін меңгеруіне институттағы оқытушылары себеп болған. «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» дегендей, ол өзінің осы жетістігі үшін оқытушыларына алғысын білдіреді.

Дариға Тілекқызы – Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының тұмасы. Мектеп кезінен спортқа бейім болған ол таэквондомен айналысқан. 2001-2006 жылдар аралығында осы спорт түрі бойынша тоғыз рет Батыс Қазақстан облысы чемпионы, үш рет ҚР чемпионы болған. Ең бастысы, қара белбеу қорғап, спорт шебері атанған.

Күнделікті жұмыс барысында қару қолданбаса да, Дариға ату жаттығуларын жақсы көреді. Оның айтуынша, мінезі сабырлы әрі ұстамды адамдардың ату шеберлігі жоғары болады.

Полиция майоры бос уақытын қос қарлығына арнап, балаларының тәрбиесіне баса мән береді.





# ЖЕТІ ҚАЗЫНА

## ҚЫЗМЕТТЕ ДЕ ТҰЛПАР ТІЗГІНДЕЙДІ

Семей қаласы полиция басқармасы Патрульдік полиция батальоны жанынан құрылған Кавалерия бөлімшесі қаланың қалтарыс-бұлттарының қауіпсіздігіне бас көз болады. Бөлімше 2007 жылы құрылған. Содан бері ішкі істер органдарындағы түрлі өзгерістерге сәйкес бір уақыттарда белсенді түрде жұмыс істеп, енді бір кезеңдерде атты полиция жасағының жұмысы тоқтап тұрды. Бүгінде Кавалерияда аттың сырын білетін он азамат қызмет етеді. Жауапты жұмысқа таңдап алынатын қызметкерлерге де талап жоғары. Бұл жөнінде бөлімше командирі, полиция старшинасы

жақсы меңгерген мамандар іріктеліп алынады. Атқа қай жағынан отырып, қай жағынан түсуі керек, осы секілді қарапайым қағидалардан хабары болғаны жөн. Қорықпауы керек. Қалай айылын тартады, қалай жүгенін салады, бәріне назар аударамыз. Себебі халықтың қауіпсіздігіне ат үстінде жүріп бас көз болатындықтан, алдымен астыңдағы атыңның жағдайы дұрыс болуы қажет, – дейді командир.

Тәжірибелі маман Ринат Жұмағалиев алғаш жұмысқа полиция кавалері ретінде қабылданып, соңғы жеті жылдан бері бөлімше командирі қызметінде. Ринаттың қара-

ғалды жеп, бүлдіріп кетеді. Осындай кездерде қала тұрғындарының шағымы негізінде Кавалерия бөлімшесі иесіз жүрген малдарды арнайы орынға апарып, қамайды. Сонымен бірге темір сататын, өзге де тұрмыстық заттарды қолды ететін саяжай ұрыларының жолын кесудегі еңбегі зор. Қаланың шетіндегі мөлтек аудандарда атпен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді, жаз мезгілдерінде демалушылардың Ертіс жағасында шомылуын, мас адамдар мен жасөспірімдердің әрекеттерін қадағалайды.

Ауа райының қолайсыз күндері атты полицияның маңызы көлік



Ринат Мейрамханұлы кеңінен түсіндіріп берді.

– Кавалерия қызметкерлері жұмыстың ерекшелігіне сәйкес, аттың қыр-сырын жақсы білуі тиіс. Атты полиция қызметінің жұмысына қызметтік жылқыларды күтіп баптауды

мағындағы қызметкерлерінің әрбірі жұмысқа берілген, қаланың шет аймақтарындағы қылмысқа тосқауыл қояды. Мысалы, Семейде халық жиі келіп демалатын Бейбітшілік аралы деген жер бар. Осы мәдени орында малдар жайылып, ағаштарды, кө-

қатынасы жоқ мөлтек аудандарға және саяжайларға қызмет бабымен қатынас жасауға қолайлы. Алайда ауа райының шамадан тыс қалыпқа өзгеруі атқа да біршама қиындық түсіреді, сол себепті жұмыс тәртібі басқа режимге көшеді.



## САҚШЫНЫҢ СҰЛУЫ

Өткен айда ҚР Ішкі істер органдарының Медиа-орталығы ұйымдастырған «Сақшы арулары» байқауы қорытындыланды. Сайысқа ішкі істер саласында еңбек ететін, қызметтегі жетістігімен және өнер-білімімен дараланған 12 ару қатысты. Байқау нәтижесімен «Сақшы аруы» атанған Атырау қаласы полиция басқармасы Ювеналды полиция бөлімшесінің инспекторы Ботагөз Дүйсенғалиеваны Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты Ержан Саденов марапаттады.

Ботагөзге бұл сала таңсық емес. Отбасындағы әкесі мен әпкесінің жолын жалғаған. Бала арманына қол жеткізген бойжеткен бүгінде өзі қалағанды тәртіп сақшысы атанды. Ол үлгілі қызметі үшін Атырау облысы полиция департаменті мен Атырау қаласы әкімдігінің атынан бірнеше рет алғысхатқа ие болған. Нәзік бол-

мысымен ерекшеленген атыраулық погонды ару бос уақытында ән айтқанды жақсы көреді.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде құқықтану мамандығы бойынша білім алған. Сондай-ақ ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы заң институтында даярлық курсынан өткен. 2021 жылдың желтоқсан айынан бастап Атырау қаласы полиция басқармасы Жергілікті полиция бөлімі Ювеналды полиция бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы қызметінде. Полиция аға лейтенанты.

Ол қызмет бағыты бойынша кемелетке толмаған балалардың құқықтары мен міндеттерінің орындалуы барысында аянбай еңбек етіп келеді. Жас маман қазіргі уақытта жасөспірімдермен жұмыс істеу қиын екенін де жасырмады.



## БҮРКІТШІ ПОЛИЦЕЙ

Ақмолалық полицей Руслан Тұмұрзиннің бүркітке жақын болуының өзіндік тарихы бар. 2014 жылы Астана қаласында тұратын досы Аманат Жанғалиұлы Көкшетауға бүркітші досының жарысқа баратынын айтып, оны күтіп алуын өтінген. Сөйтіп ол бүркітші Ерлан Кенжетәевты үйіне қонақ етіп, құс төресінің қасиетіне бойлай түседі. Жарысқа апарып жүріп, өзінің де бүркіт баптауға деген құлшынысы оянған. Қонағын бүркіт өсіруге үйретуді қолқалайды. Сол уақыттан бастап текті құстың қыр-сырын меңгере бастайды. Ғаламтор желісіндегі ақпараттармен танысады, Данияр Әлбозымының «Қазақ бүркітшілігінің әліппесі» кітабына көз жүгіртеді. Сол жылы алғашқы бүркітін досы Аманат

Тоқабаев сыйлаған.

Бүркітші Руслан Оралұлы қыранды текті құс дегенмен, оның да асылы бар, жасығы бар дейді. Сол себепті әр бүркіттің сыры өз ісесіне мәлім. Руслан өзінің бүркітінің көзқарасына қарап, шамасын байқайды. Кейде аңға шығуға бабы болмаса, ол сапарды доғара қояды.

Русланның бүркітінің есімі – Ақық. Жасы – 7-де. Жаз, қыс мезгілдерінде аңға шығып, қоян, түлкі алғанына куә болады. Жыл сайын Ақмола облысында бүркітшілер арасында өтетін жарыстарға, халықаралық турнирлерге қатысады. 2018 жылы Русланның бүркіті жарыстан бірінші орынды иеленіп, жүлде қорына тігілген жеңіл автокөлікті ұтып алған.

Бір қызығы, Руслан Ақиығын басқа бүркітші алса, оны жатырқап, бағынғысы келмейтінін айтады. Өзіне әбден үйренген. Жұмыстың тығыздығына байланысты Русланның бос уақыты бола бермейді. Бірақ қолы қалт етсе, атқа мініп, тазы жүгіртіп, бүркіт ұшырғаннан жаны ләззат алатынын жеткізді.

Бүркітшіміз – қоян-қолтық ұрыстан спорт шебері. Әскери самбодан, аралас жекпе-жектен чемпионаттарға қатысып, жүлдегер атанған.

Русланның отбасында бір қыз, бір ұлы бар. Алғашында қызы дүниеге келгенде, оның бүркітші болуын армандаған. Кейіннен ұлы туылған соң, бұл ізін жалғар істі ер балаға аманаттауды ойға алған.



## ПОЛИГЛОТ ПОЛИЦЕЙ

Диана Есенгелдиева – алты тілде емин-еркін сөйлейтін погонды ару. Ол ана тілінен бөлек, орыс, ағылшын, неміс, өзбек және түрік тілдерін жетік меңгерген. Полиглот полицей енді испан тілін үйренуді жоспарлап жүр.

Диана 2021 жылы «Тіл шебері» республикалық байқауының жеңімпазы атанған. Ол бүгінде Шымкент қаласы полиция департаменті Түркістерге қызмет көрсету тобының инспекторы қызметінде. Шымкент қаласына келген шетелдік қонақтар қиындыққа тап болып, ұялы телефонын жоғалтып алған немесе адасып кеткен жағдайда көмек қолын созады. Тіл білгенінің арқасында бірнеше елдің мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен, негізгі ерекшеліктерімен танысып, үнемі өзін-өзі дамытып отырады. Испан тілі ағылшын, неміс тілдері секілді әлемдік тілдермен қатар тұратындықтан, осы тілді

меңгеруге қызығушылық танытып жүр. Дианың тілді үйренуге ынта-сы мектеп кезінен басталған. Сүйікті пәні ағылшын тілі болған.

– Біздің білім деңгейіміз – полицияның айнасы. Қала қонақтары біздің сөйлеу мәдениетіміз бен оларға деген ілтипатымызға қарап, еліміздің полициясы туралы пікір қалыптастырады. Сондықтан көмек сұрай келген азаматтарға қолымнан келгенше қызмет көрсетемін, – дейді Диана Рустамқызы.

Диана бұл қызметке кездейсоқ келмеген. Полицей атануды бала кезден армандаған. Оның үстіне әкесі 25 жыл бойы ішкі істер органдарында жұмыс істеген. Анасы – медицина саласының қызметкері. Отбасында – төрт қыз.

Ақылына көркі сай ару бүгінде дейін жеткен жетістіктеріне ата-анасының себепкер болғанын айтты.



# ҰЛТТЫҚ СПОРТПЕН ШЫҢДАЛҒАН САҚШЫЛАР

Қазақ халқы кейінгі ұрпаққа салт-дәстүрді, ұлттық спорт пен өнерді ғасыр-ғасырға мұра етіп жалғастырып келеді. Соның бірі – қазақтың ұлттық ойындары. Біз қоғамда тәртіп сақтаудан бөлек қазақ күресінен, ат спортынан алдына жан салмайтын сақшылар туралы әңгімелемекпіз.

Сүйкім АЯПБЕРГЕНҚЫЗЫ, суреттер кейіпкерлердің жеке мұрағатынан алынды



Ержан СЕРІКБАЙҰЛЫ

## БОЗ КІЛЕМДЕГІ БАЛУАНДАР

Қазақша күрес – тарихи терең спорт түрі. Қазақтың ұлттық мереке-тойлары балуандардың күш өнерінсіз өтпеген. Халқымыз өзінің білекті азаматтарын қара күштің иесі деп құрметке бөлеп, қадір тұтты. Бала кезінен күреске қатысып, спортқа ерте жастан араласқан білекті сақшылардың бірі – Ержан Серікбайұлы. Алғаш рет күреске бес жасында барды. Қазақша күреске ден қоюына ағасы себепкер болған. Кейін мектеп жасында Ержан күрестен Қызылорда облысының Қармақшы ауданында орналасқан спорт мектебінде шыныға бастайды. Ержанды қазақша күреске баулып, спортта жолын ашқан жаттықтырушысы Қайрат Медеубаев еді.

– Мен ішкі істер саласында 2015 жылдан бастап қыз-



Мейіржан ТЕМІРХАНОВ

мет атқарып келемін. Кішкентай кезде армандағанды жақсы көрдім. Үлкен ағаларым полиция қызметкері болды. Соларға еліктеп, мен де осы саланы таңдаймын деп армандайтынмын, – дейді Ержан Абдуллаев.

Бала кезден спортты серігіне айналдырған Ержан талай спорттық додаларда биік шыңдарды бағындырып үлгерген. Ол ІІМ-нің қазақша күрестен өткізген сайыстарында бірнеше мәрте чемпион атанды. Одан бөлек, самбо, дзюдо секілді спорт түрлерінен жеткен жетістіктері бір төбе. Дзюдодан Қазақстан чемпионы атанса, ұлттық құрама сапында Азия чемпионатының күміс жүлдесін қанжығалайды. Ал самбодан Азия чемпионатының қола жүлдесін иеленген. Сондай-ақ Қызылорда облысында ҚР Ұлттық қауіпсіздік органдарының 30 жылдығына орай қазақ күресінен өткен «Күштік құрылымдарының барысы – 2022» сайысында күміс жүлдегер атанды.

– 2017 жылы спортта есте қаларлықтай жетістіктерге қол жеткіздім. АҚШ-та Лос-Анджелес қаласында өткен бүкіләлемдік полиция ойындарында дзюдодан қола жүлдегер атандым, – дейді ол.

Бүгінде Ержан Серікбайұлы жұбайымен бірге үш ұлды өсіріп, тәрбиелеп отыр. Қоғамның қауіпсіздігін сақтауда адал әрі абыройлы еңбек ету – Ержанның басты қызметтік ұстанымы.

Қазақша күрестен түрлі сайыстарда топ жарып жүргендердің бірі – Мейіржан Темірханов.

Қазіргі күні ол Абай облысы полиция департаменті Оқу-жаттығу взводының екінші санатты аға инспекторы, полиция майоры. Мейіржан Темірханов құқық қорғау саласына 2012 жылы қызметке келген. Алғашқы еңбек жолын қазіргі Абай облысы полиция департаменті Тарбағатай АПБ Көші-қон полиция тобының инспекторы лауазымынан бастады. 2016 жылы Семей қаласы ПБ Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ бөліміне ауысады. Полиция қызметкері атануына жездесі түркі болған. Мейіржанды оның нысанды киімі қатты қызықтырды.

– Мектепте қазақша күреспен біраз айналыстым. Ал кәсіби түрде студент шағымда шынықтым. Қалалық, облыстық және республикалық деңгейде бірнеше жарыстарға қатыстым. Қазақ күресінен спорт шеберлігіне үміткермін. Менің спортқа деген қызығушылығымды ағам оятты. Қазақша күрес – біздің төл спортымыз. Қажымұқан атамыз спортты да, өнерді де қатар ұстаған. Полиция қызметкері ретінде дене қалпымызды шыңдайтын күрестің бізге берер пайдасы зор деп білемін, – дейді аға инспектор.

Мейіржан қазақша күрестен бөлек самбо, волейбол секілді спорт түрлерімен белсенді айналысқан. Спортты жақсы көретін инспектор қазіргі бізге уақытта практикалық ату (IPSC) бойынша жаттығып жүр.

Полиция қатарында қазақша күрестен топ жарып жүргендердің бірі – петропавлдық аға инспектор



Батырхан СЕРІҚҰЛЫ

Батырхан Серікұлы. Ол Алматы қаласындағы Қазақ спорт және туризм академиясының түлегі.

– Ішкі істер саласына 2018 жылы келдім. Қазақша күреспен 15 жасымнан бастап айналысамын. Осы спорт түрінен спорт шеберлігіне үміткермін. Күреске деген қызығушылықты Болат Нұртазин деген бапкерім оятты, – дейді полиция қызметкері.

Батырхан былтыр Астанада өткен «Дала қырандары» республикалық турнирінің жеңімпазы атанды. Одан бөлек, Қазақстан Республикасының Ұлттық спорт түрлерінің VI фестивалінде қазақша күрестен ерлер арасында 74 келі салмақ дәрежесінде III орын алған. Тартысты додаларда жеңіске ұмтылған Батырхан қазақша күрестің дамуына күш салатынын айтты.

– Күрес – жауырынын жерге тигізбейтін балуандардың сайысы. Жарыстарға қатысқанда бойында намыс қайнайды. Спортта шыңдалғаным қызметіме де көмектеседі. Әрі ішкі істер саласында спортпен айналысам деген қызметкерге қолдау да бар. Ұлттық спортымызды дамытуға және елге қызмет етуге барымды саламын, – дейді батыр жігіт Батырхан.



Нұрсұлтан ДИХАНОВ

## ШАБАНДОЗ САҚШЫЛАР

Ежелден жүгі нарда, қазаны теңде болып көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқының өмірінде жылқының алар орны ерекше. Қазақ жылқыны «Ер қанаты – ат» деп жеті қазының біріне қосады. Ат спорты ер жігіттің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығын және ат үстінде мығым отыруын сынайды. Ішкі істер саласында да көкпар тартуға елті, қарымды жігіттеріміз аз емес. Көші-қон полициясында қызмет атқаратын Нұрсұлтан Мұхтарұлы бала кезінен ат құлағында еркін ойнаған. Бірақ полиция қызметкері болу – оның бала күнгі арманы.

– Менің әкем де, атам да көкпаршы. Әкем отбасында он ағайынды болған. Әкеммен қоса, үйдегі жеті ұл да көкпар шапқан. Бәріміз кішкентайымыздан атқа құмар болып өстік. Отбасымызбен осы ұлттық ойын түрімен айналысамыз дегуге болады. Оқушы кезімде көкпармен жиі ай-

көкпаршы полицей Нұрсұлтан.

Полиция қызметкері ретінде Нұрсұлтанның басты ұстанымы – құқық қорғау саласында биік шыңдарды бағындыру және халыққа адал қызмет ету. Бүгінде Нұрсұлтан отбасылы, жолдасымен бірге бір қызды тәрбиелеп отыр.

Ұлттық ойынды ұлықтап жүрген полиция қызметкерлерінің қатары мұнымен аяқталмайды. Түркістан облысы полиция департаменті Келесі АПБ бастығының міндетін атқарушы, полиция подполковнигі Мұрат Әбілханұлының да көкпар десе жаны бөлек.

– Мен көкпармен 2000 жылдардан бастап айналыстым. Атқа шабуды, көкпар ойынын ойнауды әкем Әбілхан Дауылбаев үйретті. Ол аттың құлағында ойнайтын нағыз шабандоз болды. Әкем көкпардан КСРО-ның тоғыз дүркін чемпионы. Бала кезімнен әкем және оның інілері



Мұрат ӘБІЛХАНҰЛЫ

налыстым. Қазір бұған тек демалыс күндері ғана уақыт арнаймыз. Себебі, полиция қызметінің жауапкершілігі зор, – дейді ол.

Нұрсұлтан Диханов – Түркістан облысы Ордабасы ауданының тумасы. Ол 2013 жылы оқуды аяқтап, әскерге аттанады. Десанттық-шабуылдау әскері қатарында борышын өтеген Нұрсұлтан алғаш 2015 жылы Арыс қаласындағы Жол-патрульдік полициясында жұмыс істейді. Екі жарым жылдан соң өзінің туған ауылына қызметке келеді. Аға инспектор Жол-патрульдік қызметінен бөлек, уақытша ұстау изоляторында да тәжірибе жинаған. Жоғары білім алған соң ұчаскелік полиция инспекторы қызметіне ауысты. Бүгінде ол Көші-қон полициясында табысты еңбек етіп келеді.

Нұрсұлтан қолы қалт етсе, көкпар ойындарынан қалмауға тырысады.

– Көкпармен жиі айналыспасам да, кейде өзім уақыт арнап үлкен ойындарға қатысамын. Бір рет көкпарда жеңіске жетіп, автокөлік ұтып алғанмын. Одан бөлек, ақшалай ұтып алған алған сәттер де болды. Төрттүлік малды да қанжығама байлап қайтқан кездер аз емес, – дейді

мені ат құлағында ойнайтын батыл етіп тәрбиеледі, – дейді шабандоз полицей.

Мұрат Алматы қаласындағы М.Есболатов атындағы академияны тамамдаған. Полиция қызметкері болуына отбасындағы ағалары себепші болады. Нысанды киім киіп, елге қызмет етіп жүргені қатты қызықтырады. Ол алғашқы еңбек жолын Түлкібас ауданында бастайды.

– Көкпардан облыс көлемінде болатын сайыстарға қатысып тұрамын. Додалардан жүлдесіз қайтпаймын. Бірақ тыңғылықты айналысуға мүмкіншілік жоқ. Менің ойымша, көкпар ойынына түскен жігіттер қуатты, мықты болады. Көкпаршы жігіттер елі мен жерін қорғауға қабілетті. Көкпар додасындағы талай тартыс мені төзімділікке, қайсарлыққа тәрбиеледі. Мен қазіргі қызметімді көкпармен байланыстырамын. Қолым қалт еткенде міндетті түрде атқа мініп, бойымды сергітемін. Жалпы, бұл ұлттық ойынның адамға берер әсері, ер-азаматтың денсаулығына тигізер пайдасы туралы айтып тауыса алмаспын, – деп Мұрат ағынан жарылды.



## Мұхтар АНАРБЕКҰЛЫ

# КИЛЛЕРДІҢ ҚАТЕЛІГІ

## (Деректі оқиғаға негізделген повесть)

– Жоқ, мен тығылған жоқпын. Сығалап бәрін көріп тұрдым. Ол жақтақана жаққа емес, мына жаққа, көше жаққа қарай жүгірді, – деген кемпір мен қарт кісі екеуі өзара дауласып кетті.

Іргедегі бес қабатты жатақханының жертөлесінен бастап шатырына дейін қайта-қайта тексеріп шығуға тура келді. Ешкім жоқ. Есесіне жатақханада заңсыз тұрып жатқандар, төлқұжаттарының мерзімі өтіп кеткендер, осы секілді басқа да ұсақ-түйек заң бұзушылықтар мұны тіркелді. Хабар-ошарсыз кеткендер тізімінде жүрген екі адам аман-есен табылды...

Осындай есептің бәрін тыңдап болған подполковник Әубәкіров:

– Да-а. Киллер кетті. Мы его упустили! Он уже на свободе гуляет, – деп автомобильдің капотын жұдырығымен бір қойды.

Ішкі интуициясы сездіріп тұрды. Қылмыскер құрылған тордан оңай шығып кетті. Яғни, бұл қылмыскердің қылмыс орнын тастап кету тәсілі басқа! Бұған дейін ұстап жүрген қатардағы қылмыскер емес. Мұны Әубәкіров оқиға орнын зерттей бастағанда-ақ байқаған еді. Бірақ бәрі де кеш. Қолданып жүрген тәсілдерді жетілдіру керек деген ой келді. Бірақ қалай?..

Әрине, милиция қызметкерлерін де түсінуге болатын еді. Бұған дейін тек шетелдік фильмдерден ғана көретін мұндай оқиғамен олар да алғаш рет бетпе-бет келіп отыр. «Киллер» деген терминді бұған дейін тек экраннан естіп келсе, енді оны өздерінің де лексикондарына енгізе бастады...

### III. АЛҒАШҚЫ БОЛЖАМДАР

Жедел жиналыс түннің бір уағына дейін созылды. Алғашқы болжамдар айтылды.

– Первым делом надо отработать круг близких и знакомых бизнесмена! Этим уже наши занимаются!

Тергеу бөлімінің бастығы өзінің дәлелдерін келтіре бастады. Дәлелдері сенімді шықты. Қылмыскердің жүріс-тұрысы, қатыгездігі, «контрольней выстрел» жасауы – оның ұсақ-түйек қылмыскер еместігін білдіріп тұрғандай.

– Біріншіден, – деді тергеу бөлімінің бастығы, – бизнесменнің қай уақытта, қай жерге келетінін киллер нақты білген. Бұл – анық нәрсе. Біздің бір зацепкамыз осы болмақ. Сондықтан ол алдын ала позициясын удачно таңдай білген. Себебі, далада –20 градустың үстінде аяз болғанына қарамастан, ол ширақ қимылдаған. Яғни, жылы жерде тұрған. Далада күткен болса, ол бұлай ширақ қимылдай алмаған болар еді. Аяқ-қолы тоңған адам дәл бұлай ата алмайды. Бизнесменді қырық екі метр жерден көздеп, дәл тигізген. Екі оқ ішіне тиген. Ал жүргізушіні елу бес метр жерден атқан. Жүрегіне дәл тигізген. Кездейсоқ, дайындығы жоқ адам мұндай қашықтықтан тигізе алмайды. Так что, ол – профессиональный киллер! Екіншіден, бизнесменнің аулаға жалғыз кіретіндігін киллер білген. Өйткені, жүргізуші ешуақытта машинадан шықпайды екен. Міне, осының өзі-ақ киллердің қолында барлық ақпарат болғандығын байқатады. Яғни, бизнесменнің айналасындағы біреу оны ақпаратпен жақсылап жабдықтаған. Бәрін біліп отыр. Ол кім? Ең алдымен сол адамды табуымыз керек.

Майор Мұқашевтің сенімді болжамдары жедел кенеске қатысып отырғандардың барлығын ойландырып тастады. Ешкім ой қоса алмады. Алғашқы болжамдар осындай болды. – Ал мотив қандай? Шаңқай түсте осылай нагло атып тастайтын-дай? Между прочим, бұл – бізге тасталып отырған вызов! «Осылардың қолынан не келер екен?» деген ой да жоқ емес! Мұны естісе, бүкіл журналистер шулайтын болады. Уже жазып та жатқан шығар! Бүкіл әлем еститін болады. Әубәкіровтің бұл саулына тергеуші тосылмады.

– Әртүрлі болжамдар отрабатывается. Финансовая махинация деп ойлаймыз. Улкен компания! Большие обороты! Осы бағытқа бар күшімізді салып отырмыз. Желтоқсан айының басында ғана бизнесмен екі «Макар» сатып алыпты. Біреуін өзінің досына сыйлапты. Біз оған «Делец» деген оперативный псевдоним қойдық. Семерканың бақылауына бердік. Жіптің ұшы осыдан шығатын секілді.

– «Океан» маңайына не үшін келгенін білдіңдер ме?

– Иа. Оқиға болған үйде компанияның секретаршасы тұрады екен. Сонымен махаббаты бар сияқты. Соны құттықтауға келген сыңайлы. Бір букет гүл, қымбат сыйлығы – осының айғағы. Жүргізушінің жүгіріп келген жолынан да бір қорап шоколад пен

еске алды. Құдай сақтағанда, сол жолы орманнан аман-есен шығыпты. Осындай қиындық шеккеннен кейін бизнесмен оған бір тапанша сыйлауды ұйғарған секілді. Тапанша жайын сұрағанда, бәрі де жоғарыда айтылғандай боп шықты. Жоғалтып алыпты. Қалай жоғалтқанын білмейді. Тергеушілер сан түрлі тактика қолданып, сан түрлі сұрақтармен қысқанымен, ол осы жауабынан танабады...

– Іс созылып барады. Прокуратура «срок» деп қысып жатыр. Амал жоқ, бұл істі «За незаконное ношение и приобретение оружия» бабы бойынша жібереміз сотқа. Қол қойыңыз!

Тергеуші қылмыстық іс тігілген бір папка қағазды Әубәкіровтің алдына қойды.

– Айтқанды неге орындамайсыңдар?! Айттым ғой. Басқа объектіні қоя тұрыңдар. Приоритетный міндетіміз – заказное убийство. Кровь из носа, киллерді қалай да табуымыз керек! Бүкіл ел шулап отыр. На кону – имидж МВД! Осыны қашан түсінесіңдер? «Базар» дейді ғой. Срочно табыңдар, маған келсін!

Көп ұзамай куратор-оперативник бастықтың кабинетінде отырды. Сыртқы дене-тұрқында ешқандай ерекшелігі жоқ отыз-отыз бестердегі жігіт өзінің пайымдауын айтып жатты.

– Пашаны көрген жоқпын. Дегенмен оны алу әлі ерте деп ойлаймын.

– Неге?

– «Наружкаға» қою керек. «Наружкаға» берсек, басқа да элемент

тоқтатып қоюға болмайтындығын түсінді. Өйткені бұл ар-намыстың, іскерліктің көрінетін сәті екендігін іштей сезінді. Миллондаған адамның бұл іске көз тігіп отырғандығы анық еді. Соны ойлағанда Әубәкіров тұн ұйқысынан оянып кететін әдет тауып алды.

Алматы және Алматы облысындағы адам өлтіру оқиғаларына қатысы бар, жазасын өтеп келген бұрынғы қылмыскерлердің барлығы жіті тексеруден өтті. Бизнесмен қайтыс болған күні олар қай жерде жүрді, кіммен сөйлесті деген мәселелер зерттелді. Осылардан жіптің ұшы шығып қалардай болып еді. Бірақ үміт ақталмады.

Белгісіз өліктер де тексерілді. Олардың арасында киллерге сырттай ұқсастықтары болуы мүмкін өліктер бойынша ерекше сипаттамалар жүргізіліп, ерекше хаттамалар толтырылды. Табылған, тәркіленген қару-жарақтар да ерекше назарға алынып, бизнесменнің өліміне қатыстылығы тексеріліп тұрды. Бұдан бөлек құқық қорғау органдарының өзара ынтымақтастығы негізінде киллерге халықаралық іздеу жарияланып, оны жер шарының түкпір-түкпірінде іздеу жұмыстары жүргізіліп жатты...

### V. КЕЗДЕЙСОҚТЫҚ КАТЕГОРИЯСЫ. 31.03.1998 ж.

Арада сынаптай сырғып бес жыл да өте шықты. Милigramның ісі ашылмайтын, болашағы жоқ қылмыстық істер қатарына да қосыла бастағандай еді. Әрине, мұндай істер құқық қорғау органдарында кездесе береді. Айлап, жылдап, тіпті ғасырлап та ашылмайтын қылмыстық істер болады. Бірақ бірнәрсе айқын екендігін кәсіби қызметкерлер жақсы біледі, қанша уақыт өтсе де сол қылмыстың тезірек ашылғаны жақсы ғой. Но ол үшін сабыр керек.

Куратор-оперативниктің мына сөзі көңілге қонатын секілді. Шынында екі-үш ай бақылай тұрса болады ғой.

– Жарайды, – деді Әубәкіров, – под твой ответственности Түсіндік бе! Срочно хабарлайтын мәліметтер болса, маған на прямую звонда! Түсіндік бе!

– Құп болады, – деген жігіт жылдамдата басып кабинеттен шығып бара жатты.

Ал қызықтың көкесі осыдан кейін басталсын. Куратор-оперативник агентін күнде баптап, қылмыс әлеміне салып, ол жақтан екі құлағы төрт болып сүйінші хабар күтіп жүргенде, күтпеген жаңалық келді... Әлгі Паша батыр Қапшағайдан келе жатқанда жол апатынан қайтыс болыпты. Ал ендеше! Сөйтіп қолда тұрған бір жіптің ұшы үзілді. Енді үміт артар ештеңе қалмағандай еді. Мұны естіген Әубәкіровтің көңіл-күйі түсіп кетті.

Куратор-оперативникке қалай дауыс көтергенін өзі де сезбей қалды. Жүйкесінің сыр бере бастағандығын осы жолы аңғарды. «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» деп үнемі айтып отыратын анасының сөзі ойына оралып, өз-өзін сабырға шақырғандай болды. Қылмыстың ашылатын түрі жоқ. Уақыт деген өтіп барады. Орталық аппараттағылар тезірек ашуды талап етуде. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылғандай күйге түсті. Киллердің профессионал екендігі рас болса, онда ол қолындағы тапаншасын әлдеқашан адам аяғы баспас бір жерге лақтырып тастағандығы сөзсіз. Тапсырыс берушінің де қарап жатпасы анық. Мүмкін, ол киллердің көзін жойған шығар. Орындаушы жоқ болса, қылмысты қалай ашарсың? Оның үстіне криминалды-бизнес әлемінде жақын компаньондардың көзін жою тенденциясы байқалуда. Олай болса, бұл қылмыс ашылмай қалуы да мүмкін деген сөз. Енді тергеуге алатын да ешкім қалмаған секілді.

Дегенмен, подполковник Әубәкіров іздестіру-тергеу амалдарын жан-жақты жалғастырып жатты. ««Делец» сотталды» деп істі



коньяк табылды. Осы үйде демалғысы келгендігі айқын.

– Криминалистер не дейді?  
– Барлық материалдар экспертизаға жіберілді. Айғақтар көп емес. Із қалдырмауға тырысқан. Профессорна! Зерттеліп жатыр. Анализді күтіп отырмыз.

Криминалистер тобының бастығы, подполковник Сәндібай Күмісбеков қолындағы фотосуреттері мен қағаздарына қарап отырып сөйледі.

– Понятно! Давайте, работайте! Не буду вас задерживать!  
Әубәкіров осыны айтып, жиналыс аяқталды деген сыңай танытты.

### IV. КУЭГЕР КӨЗ ЖҰМДЫ

Көп ұзамай-ақ баллистикалық экспертизаның қорытындысы дайын болды.

– Не дейді?  
Әубәкіров алдына келген қағазды оқымас бұрын тергеу бөлімінің бастығына қарады.

– Қысқаша айтқанда, бизнесменнің басындағы оқ «Макаровтан» болып шықты.

– И-и че?  
– Біздің версиямыз дұрыс секілді. Бұл іске «Делецтің» толық қатысы бар. Бірақ ол тапаншаны кімге берді? Мәселе осында боп тұр. Оны қазір қысатын болсақ, оның жауабы дайын, «жоғалтып алдым» дейді. Біз оған не дейміз? Советский методпен қысатын болсақ, правозащитниктер «Адам құқығы бұзылды» деп шу көтереді.

– Тактичный допрос жасандар. Көрейік.

– Құп болады!

Көп ұзамай «Делец» тергеу изоляторына қамалды. Ұзын бойлы, шикіл сары жігіт алғашқы тергеу амалдарының өзінде-ақ ат-тонын ала қашты. Бизнесменді қатты сыйлайтындығын, көңіл қимас дос екендіктерін алға тартты. Сол себепті тұған күні болған кезде бизнесмен достығының белгісі ретінде бұған бір тапанша сыйға тартыпты. Себебі, компанияның талай күрделі істерін осы «Делец» мыңқ демей, шешіп жүрген көрінеді. Күн-түн қатқан еңбегін бағалаған түрі. Бір жолы Сібірге барып, құрылыс материалдарын әкелер кезде көп қиындықтар көргенін тілге тиек етті. Бір дорба ақша арқалап, қарусыз тайға аралаған кездерін

– Окружениесі тексерілді ме?

– Иа. Барлық достары, таныстары, бизнес-партнеры, бәрі тексерілді. Оншақты адам күдіктілер қатарына қосылғанымен, одан ештеңе шықпады. Тергеуші – өз ісін білетін құсжеткер. Әубәкіров оған үлкен сенім артады. Бұл жолы да оның ісінен ілік таппады. Логикасы, ойлау масштабы жетерлік. Бірақ істің сәті түспей тұрса не істерсің? Әубәкіров амалсыздан:

– Жарайды. Жіберейік. Бірақ бұл іс мұнымен бітті деген сөз емес. Бұл іс қашан ашылғанша біздің мойнымызда тұрады. «Делецтің» мойнына кінәсін қоя алмағанымыз өкінішті. Тағы бір «висяк» деген осы, – деп қинала отырып қол қойды.

Қылмыстық іс прокуратураның сараптамасынан өтіп, сотқа жетті. Сот оны бар-жоғы бір жылға ғана соттады...

– «Делец» түрмеге жақсы настроениемен кетті. Тіпті приговор шыққанда жымығанын көрсеніз ғой.

Тергеуші осыны айтып Әубәкіровтың бетіне қарады.

– Да-а... жеңіл құтылды. Әзірге сәттілік сол жағында болып тұр. «Наружканы» ағытпаңдар. Оның ішінде бір құпия кетіп барады.

– Өзім де «нужкаға» берілетін тапсырманы дайындап әкелдім. Қол қойсаныз...

– Ендігі үміт – соларда! Агенттерді де активнее подключайте! Дұрыстап түсіндіріңдер. Бұл анау-мынау адам емес. Өте осторожно!

Әубәкіров тергеуші ұсынған қағаздарға қол қойып берді. Құдай Әубәкіровтің аузына салып тұрғандай екен, көп ұзамай агенттердің бірінен мәлімет келді. Құнды мәлімет. Агенттің сөзіне қарағанда, қылмыс әлемінің Паша есімді бір серкесі жынды суға тоып отырып, бизнесменді өлтірген киллердің кім екенін айтыпты. Жай айтаған. Тіпті сол киллермен әжептәуір таныс көрінеді. Мына хабарды естігенде Әубәкіровтің құлағы елең ете қалды. Телефон тұтқасын алып:

– Куратор-оперативникті маған шақырыңдар! – деді.

Қолын ысқылап қойды. Телефонның арғы жағындағы бөлім бастығы: – Куратор-оперативник қалада, объектіде жүр. Тағы бір басқа тапсырмамен жіберген едік. Базардан табылған труп бойынша. Агентпен кездесу... – деп айта бастап еді, Әубәкіров оған айқай салды:





# КИІЗ ҮЙДІ КӘСІПКЕ АЙНАЛДЫРҒАН



**Көшпенді халық тіршілігін киіз үйсіз елестету мүмкін емес. Сол себепті де қазақ ұлтымен бірге жасасып келе жатқан жиналмалы үй әлі күнге дейін қолданыста. ҚР ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне қарасты №38 республикалық мемлекеттік мекемесінің өндірістік аймағында киіз үй жасауды кәсіпке айналдырғандар бар.**

Гауһарай АМАНҒАЛИҚЫЗЫ

«КБК Group» ЖШС бұл мекемедегі сотталғандарды 15 жылдан бері жұмыспен қамтып келеді. Негізгі кәсібі – киіз үй дайындап, оған ұлттық нақышта рең беру. Жұмыс орнында қазіргі уақытта 25 жазасын өтеуші еңбек етеді. Олар киіз үй қаңқасына қажетті барлық ке-

рек-жарақтарды әзірлейді. Кереге, уық, шаңырақтан бастап, кіреберіс есіктің ергенегіне дейін жасайды. Тіпті киіз үйдің ішіне де ұлттық нақышта көрік береді.

Сотталғандардың түрлі заттарды сақтауға арналған кебезіні, киіз үйге қажетті бұйым – төсек-

ағашты, сандықты да жасауға шеберлігі жетеді. Мекемеде жасалған әрбір киіз үйден саба, тор-

сық, ожау, шар, былғары тостаған және ағаш ыдыстар жиынтығын табуға болады.

2023-2024 жылдар аралығында бұл мекеме 92 сотталғанды жұмысқа орналастырған. Сондай-ақ сегіз жаңа өндірістік нысан ашылды.

Қазіргі таңда мекемеде 19 бизнес субъектісі өз қызметін жүзеге асырып отыр. Онда барлығы 344 сотталған жұмыс істейді. Жамбыл мекемедегі жазасын өтеуші жұмысшылар халық тұтынатын

тауарларды, темірбетон бұйымдарын, әшекейленген киіз үйлерді дайындайды, ағаш пен металды өңдеумен айналысады. Он жыл бойы мекеменің өнеркәсіптік аймағының аумағында «Ман» ЖШС жарма өнімдерін өңдеуді және буып-түюді кәсіп еткен. Сонымен қатар «Исеноманова» ЖК кір және сұйық сабын дайындау өндірісін жолға қойған. Өндірістің жаңа нысандарын ашу бойынша жұмыс жалғасуда.

## 400-ден АСА ДОМБЫРА ЖАСАҒАН

**Кезінде классик ақынымыз Қадыр Мырза-Әлі «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп жырлаған болатын. Домбыра – қазақтың қаны, қазақтың жаны. Ал енді осы киелі аспап қалай жасалады? Бұл жөнінде домбыра жасау ісінің шебері, Қызылорда облысы бойынша ҚАЗ департаментіне қарасты №60 мекемеде жазасын өтеп жатқан азамат Төребектен сұрап білдік.**



Төребек – он саусағынан өнер тамған шебер. Ағаштан әр қилы дүние жасайды. Басты кәсібі – домбыра жасау. Қолы қалт етсе, түзеу мекемесіндегі шағын шеберханада отырып, аспаптың ою-өрнектерін қашап, тапсырыс берушінің талғамына сәйкес өзі сызады. Он бес жылға бас бостандығынан айырылған жазасын өтеуші қазіргі таңда мекеме ішіндегі жеке кәсіпкерде жұмыс істеп, нәпақасын тауып жүр. Ол осы мекеме ішінде ағаш ұстасы мамандығына оқып, диплом алған.

– Домбыра жасау үшін қарағай, қайың, емен ағаштарының толық кепкен түрі таңдалуы қажет. Ағаш толық кеппесе, жасалған соң өзінің формасын жоғалтады. Үнінде фальш пайда болуы мүмкін. Жақсы домбыралардың материалы кем дегенде бес жыл кебуі тиіс. Домбыра жасау үшін ең бірінші, мойыннан бастайсың. Одан кейін шаңақты құрайсың. Мойынның өзі үш түрлі. Ортасына ішектерді майыспас

үшін саласың. Одан кейін басы, сосын накладқа деген бар. Қақпағын тазалап, жабыстырасың. Домбыраның дыбысы таза шығу үшін оны қыру керек. Сосын лак жағасың. Ең соңында оюлайсың. Мен домбыра жасауды сотталмай тұрғандықымда үйренген болатымын. Бірақ арнайы білімім болған жоқ. Мен арнайы білімді осы мекемеде алдым, – дейді шебер.

Шебер аспапты ең қысқасы он күн ішінде жасаса, ең ұзағы алты ай бойы дайындапты. Бұл шебердің шабытына байланысты көрінеді. Төребек нағыз қазақты үнді сақтайды. Пернесінен төгілген әуен әр жанды елең еткізбей қоймайды. Бұл – Төребектің қолынан шыққан домбырамен өнер көрсеткен өзге де жазасын өтеушілердің пікірі.

Ағаштан түйін түйіп, жансызға жан бітірген Төребек шебердің қолынан шыққан әр заты таң қаларлықтай әдемі. Айына бір-екі домбыра жасайтын шебердің сөзінше, соңғы жылдары

ұлттық аспапқа деген сұраныстың артқаны байқалады. Он жылда оның қолынан 400-ден аса домбыра жасалып, тапсырыс берушілеріне жөнелтілген.

– Тапсырыс өте көп. Қолымнан шыққан домбыралардың құны шамамен 35-50 мың теңге аралығында. Осы он жыл ішінде домбыра талапқа сай жасалмады немесе үні дұрыс шықпады деген сөз естімедім. Бұл өзімнің ынта қойып аса ұқыптылықпен жасағанымнан болар. Тапсырысты жеке кәсіпкерлік басшысы қабылдап, бізге ол қандай домбыра болуы керек, бетіне қандай сурет немесе ою салынуы керектігін айтады. Біз сол тапсырыс бойынша жасап шығарамыз. Жалақым жақсы, атқару парағым бар еді, оны да төлеп тастадым. Жалақымын өзіме қажетті заттарды осы мекемедегі дүкеннен аламын. Домбыра жасаудың қыр-сырын осында жазасын өтеуге келген ынтасы, қабілеті бар сотталғандарға да үйреттім. Қазір осындағы бір азамат бұл өнерді өте жақсы игеріп, домбыра жасаудың шеберіне айналған. Бостандыққа шыққан соң домбыра жасайтын цех ашсам деймін, – дейді ол.

Жазасын өтеп жатса да, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге атсалысып жүрген бұл азаматтың болашақта бостандыққа шыққанда заң талабын бұзып, түзеу мекемесіне қайта келмейтіні анық.

Дана ДОСТАНОВА,  
Қызылорда облысы

МЕНШІК ИЕСІ:  
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС



Бас директор  
Лаура ЖАКУПОВА

РЕДАКЦИЯ:  
Шеф-редактор:  
Айнұр ЖЫЛҚЫШИНОВА  
Тілшілер:  
Гауһарай ЕСІМОВА  
Раушан НАРБЕК  
Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді  
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
• Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды  
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес  
• Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді  
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді  
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Газет айына 4 рет шығады.  
Басылым «Медиа-холдинг Египті» ЖШС баспаханасында басылады.  
Астана қаласы, Алматы ауданы, Сілеті к-сі, 30  
Индексі: 65395  
Таралымы: 23179  
Тапсырыс: № 383

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:  
ИИК – KZ74856000000147459  
БИК – KZJVKZKX  
БИН – 051040005963 КБЕ-16  
«БанкЦентрКредит» АҚФ  
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:  
010000, Астана қаласы,  
Майлин көшесі, 4/1.  
Телефон: 8 (7172) 37-88-64,  
ішкі нөмір 115  
www.mediaovd.kz  
Эл. пошта: saqshy@mediaovd.kz